

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР

- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға (балаларды қоса) немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілмейінше және олар бақыланбайынша пайдалануға болмайды.
- Балалардың осы құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз.
- Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- Құрылғыны ешқашан суға батыру арқылы тазаламаңыз.
- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Оны мынадай жерлерде пайдалануға болмайды: дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер таманатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Егер ашалы қосқыш немесе сым зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек тұтынушыларды қолдау қызметтері ауыстыруы керек.

ТЕК ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚҚА АРНАЛҒАН:

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалар сегіз жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар 8 жастан аспаса және бақылауда болмаса орындамаулары керек. Құрылғыны және қуат кабелін сегіз жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.
Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Құрылғы қараусыз қалатын кезде және оны құрастыру, оның бөлшектерін шешу немесе тазалау алдында оны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Қауіпті! Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тогына түсуге себеп болуы мүмкін. Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен немесе аяқтарыңызбен түртпеңіз.
- Сымды ешқашан ылғал қолмен ұстамаңыз.

- Розетканың құрылғыны қажет кезде ажыратуға болатындай оңай қол жеткізетін жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Тек ашалы қосқыштан ұстап ажыратыңыз. Ешқашан сымнан ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.
- Құрылғыны толық ажырату үшін, оны розеткадан ажыратуыңыз керек.
- Егер құрылғы ақаулы болса, оны жөндеуге тырыспаңыз.
Оны өшіру үшін розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

- Құрылғыны тазаламас бұрын, оны әрқашан розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.



Маңызды: Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Барлық орам (пластик қалталар, полистирен көбігі) материалдарын балалардан аулақ ұстаңыз.



Күйіп қалу қаупі бар! Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында ол бу қалыптасуы мүмкін.

Су шашырандыларынан немесе ыстық будан абай болыңыз.

Пайдалану мақсаты

Бұл құрылғы кофе және ыстық сусындар дайындауға арналған.

Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі. Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.

Пайдалану нұсқаулығы

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Мұндай пайдалану нұсқауларын елемей күйіп қалуға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Өнім жасаушысы осы нұсқауды елемейден туындайтын зақым үшін жауапты болмайды.



Ескеріңіз:

Осы пайдалану нұсқаулығын сақтап қойыңыз. Егер құрылғы басқа адамдарға берілсе, оларды осы пайдалану нұсқаулығымен бірге беру керек.

Құрылғыны тексеру

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық керек-жарақтардың болуын тексеріңіз. Егер құрылғының зақымданғаны көрініп

тұрса, оны пайдаланбаңыз. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

СИПАТТАМА

Құрылғының сипаттамасы

(3-бет - А)

- A1. Шамы бар ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесі
- A2. Шамы бар кофе немесе ыстық су түймесі
- A3. Шамы бар дәмді реттеу түймесі
- A4. Кесені жылытқыш текше
- A5. Су ыдысы
- A6. Бу тетігі
- A7. Бу немесе ыстық су шүмегі
- A8. Каппучино жасағыш
- A9. Қақпақ
- A10. Қайнатқыш бөліктің шығыс түтігі
- A11. Тамшы науасындағы су деңгейінің көрсеткіші
- A12. Кесе науасы
- A13. Тамшы науасы

Керек-жарақтар сипаттамасы

(3-бет - В)

- B1. Бір кесе ұнтақ кофе немесе жастықша сүзгі
- B2. Екі кесе ұнтақ кофе сүзгісі
- B3. Сүзгіні ұстатқыш
- B4. Өлшеу құралы/сыққыш

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ОРНАТУ



Маңызды!

Құрылғыны орнатқан кезде, мына қауіпсіздік туралы ескертулерге назар аударуыңыз керек:

- Кофе құрылғысына кірген су оны зақымдауы мүмкін.
 - Құрылғыны шүмектерге немесе раковиналарға жақын қоймаңыз.
 - Құрылғыдағы су қатып қалса, ол зақымдануы мүмкін.
- Бұл құрылғыны температурасы нөлден төмен түсуі мүмкін бөлмеге орнатпаңыз.
- Сымды қыры өткір немесе беті ыстық заттарға тимейтіндей етіп жүргізіңіз (мысалы, электрлік ыстық плиталар).

- Бұл құрылғы қызады. Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 3 см, ал құрылғының үстіне 15 см бос орын қалдырыңыз.

Құрылғыны жалғау



Қауіпмі!

Розетка қуаты кернеуінің құрылғы астындағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз. Құрылғыны тек жерге тиімді жолмен тұйықталған және ток қуаты кемінде 10 А болатын розеткаға қосыңыз. Егер розетка қуаты құрылғыдағы қуатқа сай болмаса, тиісті розетка түрін білікті маманға ауыстыртыңыз.

СУ ЫДЫСЫН ТОЛТЫРУ

1. Су ыдысының қақпағын (1-сурет) ашып, ыдысты жоғары қарай тартып алыңыз (2-сурет).
2. Ыдысты таза сумен MAX белгісінен асырмай толтырыңыз. (3-сурет). Ыдысты орнына салып жатқан кезде ыдыстың түбінде орналасқан клапанды ашу үшін оны жайлап басып салыңыз.
3. Ыдысты сумен толтырудың ең қарапайым жолы — оны шығарып алмай, құтымен тікелей су құю.



Маңызды:

Құрылғыны ыдысында су болмағанда немесе ыдыстың өзі болмағанда ешқашан пайдаланбаңыз.



Ескеріңіз:

Ыдыстың астында аз ғана су қалса, бұл — қалыпты жағдай. Сондықтан, оны таза губкамен тұрақты түрде мұқият құрғатыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ

1. Құрылғыны ① қосқышын (4-сурет) басу арқылы іске қосыңыз. Қосқыштағы шам жанады.

2. Қажетті кофе сүзгісін (1 не 2 кесе) (5-сурет) сүзгі ұстатқышқа салыңыз.
 3. Сүзгі ұстатқышты құрылғыға оны ұнтақ кофемен толтырусыз салыңыз (6-сурет).
 4. Қайнатқыш бөлік шүмегінің астына 0,5 литрлік бос ыдыс қойыңыз және тағы бір 0,5 литрлік ыдысты капучино жасағыштың астына қойыңыз (7-сурет).
 5.  түймесіндегі шам жанғанша (8-сурет) күтіңіз де, кофе түймесін (9-сурет) дереу басып, қайнатқыш бөлік шүмегінен ыдыстың шамамен жартысы босағанша су ағызыңыз.
 6. Одан кейін бу тетігін сағат тілі бағытына қарсы бұрап, ыдыста қалған барлық суды капучино жасағыштан босатыңыз.
 7. Бу клапанын жауып, құйылып жатқан ыстық суды қолмен тоқтату үшін, кофе түймесін қайта басыңыз.
 8. Екі ыдысты босатып, оларды қайнатқыш бөлік пен капучино жасағыштың астына қайта қойыңыз да, 5-6-7 қадамдарды қайталаңыз.
- Құрылғы пайдалануға дайын болады.

Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер

Эспрессо кофесін тиісті температурада жасау үшін, кофе жасағышты былай алдын ала қыздыру керек:

1. ON/OFF түймесін басу арқылы құрылғыны іске қосып (ON/OFF шамы жанады) (4-сурет), сүзгі ұстағышты құрылғыға ұнтақ кофе салмай бекітіңіз (6-сурет).
2. Сүзгі ұстағыштың астына бір кесе қойыңыз. Сол кесені алдын ала қыздыру үшін кофе дайындау мақсатында пайдаланыңыз.
3. ОК шамы жанғанша (8-сурет) күтіңіз де, кофе түймесін (9-сурет) дереу басыңыз. ОК шамы сөнгенше судың ағып шығуына мүмкіндік беріп, оны кофе түймесін қайтадан басу арқылы тоқтатыңыз.

4. Кесені босатыңыз. ОК шамы қайта жанғанша күтіп, осы операцияны қайталаңыз.
(Сүзгі ұстатқышын алу барысында шағын және зиянсыз будың бұрқырауы – қалыпты нәрсе).

ҰНТАҚ КОФЕДЕН ЭСПРЕССО КОФЕСІН ЖАСАУ ЖОЛЫ

1. Құрылғыны алдыңғы тарауда сипатталғандай етіп алдын ала қыздырған соң, ұнтақ кофені сүзгі ұстатқышқа салыңыз. Бір кофе жасау үшін шағын сүзгіні, ал екі кофе жасау үшін үлкен сүзгіні пайдаланыңыз.
2. Тек бір кофе жасау үшін, ұнтақ кофенің бір деңгейлік мөлшерін (шамамен 7 г) сүзгіге салыңыз. (10-сурет). Екі кофе дайындау үшін, ұнтақ кофенің екі өлшеуішке барынша толтырылған мөлшерін (шамамен 6+6 г) сүзгіге салыңыз. Ұнтақ кофенің шамадан асып кетпеуіне жол бермес үшін, сүзгіні қатты толтырып жібермеңіз.



Маңызды: дұрыс пайдалану үшін, ұнтақ кофемен толтырмас үшін, соңғы рет кофе жасаған кезден қалған кофе қалдықтарының жоқтығына көз жеткізіңіз.

3. Ұнтақ кофені бір деңгейде жайып, тығыздағышпен жайлап басыңыз (11-сурет). Жақсы эспрессо алу үшін ұнтақ кофені дұрыс басу маңызды болып табылады. Егер шамадан тыс бассаңыз, кофе жай құйылатын болады және көпіршік қара болады. Егер жеткіліксіз бассаңыз, кофе тым тез құйылатын болады және көпіршік жеткіліксіз және ашық түсті болады.
4. Сүзгі ұстағыштың жиегіндегі артық кофені алып тастап, құрылғыға бекітіңіз. Судың шығуының алдын алу үшін тұтқаны оңға қарай мықтап бұраңыз (6-сурет).
5. Кесені немесе кеселерді сүзгі ұстатқыш шүмектерінің қойыңыз (12-сурет). Кофені жасамас бұрын кеселерді аз ғана ыстық сумен шаю немесе оларды құрылғының үстіңгі жағындағы кеселер текшесіне жылыту

үшін кемінде 15-20 минут қою арқылы жылытып алу ұсынылады (13-сурет).

6. ОК шамының (8-сурет) жанып тұрғанын тексеріп (егер өшсе, ол жанғанша күтіңіз), кофе түймесін (9-сурет) бұраңыз. Кесеге қалаған кофе мөлшері құйылған соң, сол түймені қайта басу арқылы тоқтатыңыз.
7. Сүзгі ұстағышты алып тастау үшін, сапты оңнан солға қарай бұраңыз.



Күйіп қалу қаупі бар! Шашыраудың алдын алу үшін, сүзгі ұстағышты құрылғы кофе құйып жатқан кезде ешқашан шығармаңыз.

8. Пайдаланылған кофені алып тастау үшін, сүзгіні сапқа бекітілген ілмекпен орнына бұғаттап, кофені сүзгі ұстағышты төңкеру және қаттырақ сілкіу арқылы алып тастаңыз (14-сурет).
9. Құрылғыны өшіру үшін, ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.

ЖАСТЫҚШАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП ЭСПРЕССО КОФЕСІН ЖАСАУ ЖОЛЫ

1. Құрылғыны «Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер» бөлімінде көрсетілгендей, сүзгі ұстағыш бекітілгеніне көз жеткізе отырып алдын ала қыздырыңыз. Ыстығырақ кофе осылай жасалады.



Ескеріңіз: орамда төмендегі белгімен көрсетілген ESE стандартына сай жастықшаларды пайдаланыңыз.

ESE стандарты дегеніміз көшбасшы жастықша өндірушілері қабылдаған және эспрессо кофесін қарапайым және таза жолмен дайындауға мүмкіндік беретін жүйе.

2. Сүзгі ұстатқышқа шағын сүзгіні енгізіңіз.
3. Жастықшаны сүзгінің ортасына туралап салыңыз (15-сурет). Жастықшаны сүзгіге дұрыс бағыттау үшін жастықша бумасындағы нұсқаларды әрқашан орындаңыз.

4. Сүзгі ұстатқышты құрылғыға бекітіңіз. Оны орнына түскенше бұраңыз (6-сурет).
5. Алдыңғы бөлімдегі 5, 6 және 7-қадамдардағыдай жалғастырыңыз.

КАППУЧИНО ЖАСАУ ЖОЛЫ

1. Эспрессо кофесін алдыңғы тарауларда сипатталғандай етіп жеткілікті үлкен кеселерді пайдалану арқылы дайындаңыз.
2. ☞ түймесін (16-сурет) басып, түймедегі шам жанғанша (17-сурет) күтіңіз.
3. Сол кезде ыдысты дайындалатын әрбір капучино үшін шамамен 100 грамм сүтпен толтырыңыз. Сүт тоңазытқыш температурасында болуы керек (ыстық емес!). Ыдысты таңдаған кезде сүттің көлемі екі немесе үш есе көбейетінін ескеріңіз (18-сурет).

і Ескеріңіз: жартылай майсыздандырылған сүтті тоңазытқыш температурасында сақтау ұсынылады.

4. Сүт құйылған ыдысты капучино жасағыштың астына қойыңыз.
5. ОК шамы жанғанша күтіңіз. Бұл қайнатқыш ыдыстың бу шығаратындай қолайлы температураға жеткенін көрсетеді.
6. Айналым түтіктерінде қалған суды шығарып тастау үшін, бу тетігін ☞ бағытына қарай бірнеше секунд бұрау арқылы бу шығарыңыз. Буды тоқтатыңыз.
7. Капучино жасағышты сүтке (19-сурет) бірнеше миллиметрге батырыңыз. Капучино жасағыштағы көтеріңкі жолақты батырмаңыз (19-суретте көрсеткімен көрсетілген). Тетікті сағат тілі бағытына қарсы бұраңыз (20-сурет). Капучино жасағыштан бу шығып, кофеге кілегейлі көбік түрін береді. Қою көпіршік алу үшін, капучино жасағышты сүтке батырып, ыдысты жоғарыға қарай жайлап айналдырыңыз.
8. Қажетті температураға қол жеткен кезде (дұрысы – 60°C), буды бу тетігін О бағытына бұрау және бу түймесін

☞ бағытына қайта бұрау арқылы тоқтатыңыз.

9. Көпіршігін сүтті бұған дейін дайындалған кофе құйылған кеселерге құйыңыз. Капучино дайын. Дәмді тәттілендіріңіз және қажет болса көпіршітілген сүтке шамалы какао ұнтағын себіңіз.

і Ескеріңіз:

- бірден астам капучино дайындау үшін, алдымен барлық кофелерді жасап алып, соңында көпіршітілген сүтті барлық капучинолар үшін дайындаңыз.
- сүт көпіршіген соң кофені қайтадан жасау үшін, алдымен қайнатқыш бөлікті суытып алыңыз, әйтпесе кофе күйіп кетеді. Салқындату үшін, сүзгі ұстағыш шүмектерінің астына бір ыдысты қойып, кофе түймесін басыңыз және суды ОК шамы сөнгенше ағызыңыз. Кофе түймесін босатып, кофе жасауды жалғастырыңыз.

Буды ең көбі 60 секунд құйып, артынша сүтті үш реттен артық көпіршітпеу ұсынылады.

! Маңызды! Гигиеналық себептерге байланысты, капучино жасағышты пайдаланып болған соң әрқашан тазалап отыру керек.

Мына әрекетті орындаңыз:

1. Аз ғана буды бірнеше секунд шығару үшін бу тетігін бұраңыз (алдыңғы бөлімнің 2, 5 және 6-қадамдары). Бұл капучино жасағыштың ішкі айналымында қалған сүт қалдығын шығаруға себеп болады. Құрылғыны өшіру үшін, ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз.
2. Бір қолыңызбен капучино жасағыш түтігін мықтап ұстап тұрып, екінші қолыңызбен капучино жасағышты сағат тілі бағытымен бұрап, төмен қарай тартып алыңыз (21-сурет).
3. Бу түтігінің қондырмасын төмен тарту арқылы шүмектен шығарыңыз (22-сурет).
4. Капучино жасағыш пен бу жалғағышының қондырмасын жылы сумен мұқият жуыңыз.

5. 23-суреттегі көрсеткілермен көрсетілген екі тесіктің бітелмегенін тексеріңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз.
6. Бу жалғағыш қондырмасын бу түтігіне енгізу үшін жоғары қарай күштеп басу арқылы орнына салыңыз.
7. Каппучино жасағышты жоғары қарай енгізіп, сағат тілі бағытына қарсы бұрау арқылы орнына салыңыз.

ЫСТЫҚ СУ

1. ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін (4-сурет) басу арқылы құрылғыны іске қосыңыз. Түймедегі шам жанғанша (17-сурет) күтіңіз.
2. Каппучино жасағыштың астына ыдыс қойыңыз.
3. Құю түймесін (9-сурет) басыңыз және бір уақытта бу тетігін сағат тілі бағытына қарсы бұраңыз (19-сурет). Каппучино жасағыштан су шығады;
4. Ыстық су ағынын тоқтату үшін, тетікті жауып, құю түймесін (9-сурет) қайтадан басыңыз.

Ыстық суды 60 секундтан артық құйып тұрмаңыз.

ТАЗАЛАУ

 **Қауіпті! Құрылғының сыртын тазаламас бұрын, оны өшіріп, розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.**

Сүзгіні тазалау және күтіп ұстау

Әрбір 200 кофе жасау кезеңінен кейін, сүзгілерді былай тазалап отыру керек:

- Сүзгі қақпағын (24-сурет) сағат тілі бағытына қарсы бұрау арқылы алыңыз (25-сурет).
- Көпірткішті қақпағы бар шетінен итеру арқылы ыдыстан шығарыңыз..
- Аралық тығыздағышты алып тастаңыз.
- Барлық бөлшектерін шайыңыз және металл сүзгіні щеткамен ыстық суда мұқият тазалаңыз (25-сурет). Металл сүзгідегі тесіктердің бітеліп

қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз (25-суретті көріңіз).

- Сүзгі мен аралық тығыздағышты пластмасса дискіге 26-суретте көрсетілгендей етіп орындарына салыңыз. Инені пластмасса дискідегі аралық тығыздағыштағы тесікке 26-суретте көрсетілген көрсеткі бағытымен енгізгеніңізге көз жеткізіңіз.
- Құрасытылған құрылғыны ыдысқа салып (27-сурет), иненің тіректігі тесікке енгізілгеніне көз жеткізіңіз (27-суреттегі көрсеткіге қараңыз).
- Соңында қақпақты бұрап салыңыз (28-сурет).

Қайнатқыш бөлік шүмегін тазалау

Әрбір 300 кофе жасау кезеңінен кейін, қайнатқыш бөлігінің тесігін былай тазалап отыру керек:

- Құрылғының ыстық еместігіне және оның розеткадан ажыратылғанына көз жеткізіңіз;
- Бұрауышты пайдалану арқылы эспрессо қайнату бөлігі тесігінің сүзгісін бұрап алыңыз (29-сурет);
- Қайнатқыш бөлік шүмегін шешіп алыңыз;
- Қайнатқыш бөлікті дымқыл шүберекпен тазалаңыз (30-сурет);
- Шығыс тесікті щеткамен ыстық сумен мұқият тазалаңыз. Тесіктердің бітелмегеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз.
- Ағын су астында шайып, барлық уақытта сүрту керек.
- Қайнатқыш бөлік шүмегін ауыстырыңыз, оның тығыздағышқа дұрыс бағытталғанына көз жеткізіңіз.

Жоғарыда сипатталғандай етіп тазаламау кепілдік күшін жояды.

Басқа тазалау операциялары

1. Кофе құрылғысын тазалау үшін еріткіштер мен ысқыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз. Тек жұмсақ дымқыл шүберекті пайдаланыңыз.
2. Сүзгі ұстағыш кесесін, сүзгілерді, тамшы науасын және су ыдысын

тұрақты түрде тазалаңыз. Науада оны босату қажет болған кезде көрінетін қызыл индикатор бар. Босату үшін, кесе науасы торын (31-сурет) алып, суды төгіңіз де, науаны шүберекпен тазалап алыңыз. Одан кейін тапшы науасын орнына салып, индикатордың дұрыс орналастырылғанына көз жеткізіңіз. Ыдысты түбіне дейін жететін щеткамен тазалаңыз (32-сурет).

 **Қауіпсіздік!** Тазалау барысында, кофе жасағышты ешқашан суға батырмаңыз. Бұл – электрлік құрылғы.

ҚАҚ ТАЗАЛАУ

Әрбір 200 кофе жасау циклінен кейін кофе жасағыштың қағын тазалап отыру ұсынылады. Сатып алуға болатын De'Longhi қақ тазалағышын ғана пайдалануыңыз керек. Мына әрекетті орындаңыз:

1. Ыдысты орамдағы көрсеткіштерге қарап сумен еріту арқылы алынған қақ тазалау ерітіндісімен толтырыңыз.
2. ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймесін басыңыз (4-сурет).
3. Сүзгі ұстағыш бекітілмегенін тексеріңіз және капучино жасағыштың астына ыдыс қойыңыз.
4. ОК шамы жанғанша күтіңіз
5. Кофе түймесін басып, ыдыстағы ерітіндінің $\frac{1}{4}$ бөлігін ағызыңыз, ол үшін бу тетігін ерітіндінің аз мөлшерін белгілі бір уақыт аралықтарында ағызу үшін басыңыз. Одан кейін ағысты осы түймені қайтадан басу арқылы тоқтатып, ерітіндіні шамамен бес минутқа жұмыс істетіп қойыңыз.
6. Ыдыс босағанға дейін 5-бөлімді тағы 3 рет қайталаңыз.
7. Ерітінді мен қақ қалдықтарын кетіру үшін, су ыдысын жақсылап шайыңыз және таза сумен толтырыңыз (қақ тазалағыш ерітіндісі қосылмаған сумен), сосын орнына қайта салыңыз.
8. Кофе құю түймесін басып, суды ыдыс толығымен босағанша шығарыңыз.
9. 7 және 8-қадамдарды қайталаңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК

Желі кернеуі:220-240 В~50/60 Гц
Жұтылатын қуат: 1100 Вт
Қысым: 15 бар
Су ыдысының сыйымдылығы: 1,1 литр
Өлшемдер: ҰхБхТ 240х323х270 (360) мм
Песо 4 кг
Салмағы 1100 мм

CE Бұл құрылғы мына ЕС директиваларына сәйкес:

- 2006/95/ЕС төменгі кернеу директивасы және кезекті толықтырулары;
- EMC 2004/108/ЕС директивасы және кезекті толықтырулары;
- Еуропалық күту режиміне қатысты 1275/2008 ережесі және қатысты толықтырулары;
- 1935/2004 ЕЕС тағам тиетін материалдар мен керек-жарақтар ережесіне сәйкес.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі: өнімдегі таңбалауға қараңыз
Үлгі: "
Кернеу: "
Жиілік: "
Қуаты: "

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап көршілікті және импорттер:

"Делонги" ЖШҚ
127055 Ресей, Мәскеу қ,
Суцёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А

– өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

ЕАС

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ...

Мәселе	Ықтимал себептері	Шешімі
Эспрессо кофесі құйылмайды	Ыдыста су жоқ	Ыдысты сумен толтырыңыз
	Сүзгі ұстағыштағы тесіктер бітелген	Сүзгі ұстағыш шүмегіндегі тесіктерді тазалаңыз
	Эспрессо қайнатқыш тесігі бітелген	«Тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Су айналымында қақ қалыптасқан	«Қақ тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп қағын тазалаңыз
Эспрессо кофесі тесіктердің орнына сүзгі ұстатқыштың жиектерінен тамшылайды	Сүзгі ұстатқыш дұрыс салынбаған немесе кірлеген	Сүзгі ұстатқышты дұрыс бекітіңіз және жеткен жеріне дейін мықтап бұраңыз
	Эспрессо қайнатқыш бөлігінің толтырмасының созылмалы қасиеті жоғалған немесе ол кірлеген	Эспрессо қайнату бөлігінің тығыздағышын тұтынушыларға қызмет көрсету орнына ауыстыртыңыз
	Сүзгі ұстағыштағы шүмектерінің тесіктері бітелген	Сүзгі ұстағыш шүмегіндегі тесіктерді тазалаңыз
Эспрессо кофесі салқын.	Кофе түймесі басылған кезде, ОК шамы жанбады.	ОК шамы жанғанша күтіңіз
	Алдын ала қыздыру орындалмаған	«Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер» бөлімінде көрсетілгендей алдын ала қыздырыңыз.
	Кеселер алдын ала қыздырылмаған	Кеселерді ыстық суда шаю немесе қақпақтағы кесе жылытқыш плитаға кемінде 20 минутқа қалдыру арқылы қыздырыңыз.
	Су айналымында қақ қалыптасқан	«Қақ тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп қағын тазалаңыз

Сорғы өте шулы	Су ыдысы бос	Су ыдысын толтырыңыз
	Ыдыс дұрыс салынбаған және астыңғы клапан ашық емес	Астыңғы клапанды ашу үшін ыдысты жайлап басып салыңыз
	Ыдыс жалғағышында көбіктер жоқ	«Ыстық су» бөлімінде берілген нұсқауларды су құйылғанша орындаңыз
Кофе кілегейі тым қоңыр (ол шүмектен тым жай ағады)	Ұнтақ кофе өте қатты тығыздалған	Кофені азырақ тығыздаңыз
	Ұнтақ кофе жеткіліксіз	Ұнтақ кофе мөлшерін азайтыңыз
	Эспрессо қайнатқыш тесігі бітелген	«Тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Сүзгі бітеліп қалған	«Тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз
	Ұнтақ кофе тым майда немесе ылғалды	Тек эспрессо кофесін жасау құрылғыларына арналған ұнтақ кофе пайдаланыңыз және оның ылғал емес екенін тексеріңіз
	Ұнтақ кофенің дұрыс емес түрі пайдаланылып жатыр	Басқа ұнтақ кофе түрін пайдаланыңыз
	Су айналымында қақ қалыптасқан	«Қақ тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп қағын тазалаңыз
Кофенің дәмі қышқылтым	Қақ тазалаудан соң дұрыс шайылмаған	Қақ тазалаудан кейін құрылғыны шайыңыз.
Каппучино жасау барысында сүт көпіршігі жасалмайды	Сүт онша салқын емес	Жартылай майсыздандырылған сүтті әрқашан тоңазытқыш температурасында пайдаланыңыз.
	Каппучино жасағыш кірлеген	Каппучино жасағыштағы тесіктерді мұқият тазалаңыз.
	Су айналымында қақ қалыптасқан	«Қақ тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп қағын тазалаңыз